**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІ**
**ТЕОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ**
**ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР ДАЯРЛАУ БАҒЫТЫ БОЙЫНША АКАДЕМИЯЛЫҚ КОМИТЕТ МӘЖІЛІСІНІҢ**
**№8 ХАТТАМАСЫ**

**Түркістанқаласы** **30.05.2023 жыл**

**Қатысқандар:** АК төрағасы - PhD Д.Ш.Шауенов, АК мүшесі, академиялык персонал – PhD Ж.Е.Нұрматов, АК мүшесі, академиялық персонал – PhD Б.Сайфунов, АК мүшесі, академиялық персонал – т.ғ.к., доцент Г.Примкулова, АК мүшесі, академиялық персонал – PhD Р.Хәзіретәлікызы, АК мүшесі, академиялық персонал – т.ғ.к., доцент м.а. А.Д.Сандыбаева, АК мүшесі, академиялык персонал – К.Семиз, АК мүшесі, академиялык персонал –ХҚТУ доценті С.Қ.Оразбай, АК мүшесі, академиялык персонал – PhD М.Төлеген, АК мүшесі, академиялық персонал – PhD Ф.Камалова, АК мүшесі, академиялық персонал – А.Бейсенов, АК мүшесі, жұмыс беруші өкілі – М.Халыков, АК мүшесі, білімгерлер өкілі – А.Маукенбай, АК мүшесі, білімгерлер өкілі – Б.Мауленқұл, АК мүшесі, білімгерлер өкілі – А.Алибек.

**Күн тәртібі:**

1.ӘР ББ өзіндік бағалау жүргізу:
1.1.Соңғы 3-5 жылда ББ қатысқан рейтинг нәтижелері;
1.2.Қазакстандық, шетелдік жетекші университеттермен серіктестік жұмыстар нәтижелері;
1.3.Жұмыс берушілермен, мемлекеттік билік органдарымен, бизнес өкілдерімен байланыс нәтижелері;
1.4.Сауалнамалар (білімгерлердің, жұмысберушілердің, түлектердің, баска да қызығушы тараптардың) нәтижелері;
1.5.Білімгерлердің контингентін қалыптастыру нәтижелері;
1.6.Түлектердің жұмыска орналасу нәтижелері;
2.Мамыр айында аткарылған іс шаралар нәтижесін талдау

**Тыңдалды:**
**1.ӘР ББ өзіндік бағалау жүргізу:**
АК төрағасы - PhD Д.Ш.Шауенов: Басшылық тарапынан әр ББ өзіндік бағалау университеттің қолданыстағы білім беру бағдарламаларына мониторинг ұйымдастыру мақсатында жүргізіледі және барлық деңгейдегі: бакалавриат, магистратура, резидентура және докторантура білім беру бағдарламаларында жүргізіледі деген тапсырма берілді. Осы мәселе турасында әр ББ-на жауапты тұлғалардың атқарған жұмыстарын карастырсақ.
**1.1.Соңғы 3-5 жылда ББ қатысқан рейтинг нәтижелері**
АК төрағасы PhD Д.Ш.Шауенов: 6В02228-Дінтану және 6В02229-Теология білім беру бағдарламасы «Атамекен ҰКП» оқу бағдарламаларының рейтингіне қатыспады.
АК мүшесі, академиялык персонал, PhD Кенан Семиз: Кафедрамызға қарасты 7M02212-Түркітану БББ соңғы 3 жылда ешқандай рейтингке қатыспады.
АК мүшесі, академиялық персонал, т.ғ.к., доцент Г.Примкулова: 6В02210-Тарих ББ бойынша орташа позицияда тұр. Өткен жылдармен салыстырғанда динамика байкалмайды. Сондықтан осы көрсеткіштерді жандандыру үшән ББ әзірлеуде көп жұмыс жасалуда: ББ максатын нактылау, оқыту нәтижелерін стандарттарға, нарық талабына сәйкестендіру, жаңа пәндер мен модульдер қарастыру сияқты.
**Шешім**: соңғы 3-5 жылда ББ қатысқан рейтинг нәтижелерін жақсартуға қатысты жұмыстар жасалынсын.

## 1.2.Қазақстандық, шетелдік жетекші университеттермен серіктестік жұмыстар нәтижелері

АК төрағасы PhD Д.Ш.Шауенов: 01.2022-30.07.2022 ж. 6В02228-Дінтану білім беру бағдарламасынан 2 студент, 7М02211-Дінтану білім беру бағдарламасынан 2 магистрант шетелдік университетте (19 Майыс университеті, Түркия республикасы) 1 семестр білім алып келді.

2022-2023 оқу жылында Түркия Республикасы 19 Майыс университеті және Сивас Жумхуриет университетіне 10 студент және 1 магистрантты көктемгі семестрде оқып келу үшін жоспарлаған болатынбыз. Түркиядағы төтенше жағдайға байланысты бұл жоспар орындалмады.

АК мүшесі, академиялық персонал, т.ғ.к., доцент А.Сандыбаева: Бұл мәселе бойынша да бакалавриат, магистратура деңгейінде отандық, Туркиялық жетекші университеттердің ББ бағдарламалары талданып, сараланды. Болашақта осы бағытта серіктестік қарым-қатынастарды нығайту, ішкі және сыртқы бағдарламалар бойынша білім алушылар санын арттыру мәселелеріне көңіл бөлген дұрыс болар еді.

**Шешім**: келесі жылы ББ дайындауда қазақстандық, шетелдік жетекші университеттердің ББ негізге алына отырып жасалынсын.

## 1.3.Жұмыс берушілермен, мемлекеттік билік органдарымен, бизнес өкілдерімен байланыс нәтижелері

6В02228-Дінтану, 6В02229-Теология, 7М02211-Дінтану, 7М02262-Теология білім беру бағдарламасы Эрасмус, Мәулана, Орхун сияқты халықаралық бағдарламалар аясында студенттердің ішкі және сыртқы ұтқырлықтарын жүзеге асыру мақсатында серіктес (Сакаря, Анкара, Мармара және т.б) университеттердегі білім беру бағдарламалардың оқу жоспарын ескере отырып еңбек сыйымдылығы 240 академиялық кредиттен 260 академиялық кредитке көбейтіліп Реестрге жүктелді. 7М02211-Дінтану, 7М02262-Теология, 6В02228-Дінтану, 6В02229-Теология білім беру бағдарламасы жаңартылып сараптамаға жіберілді.

АК мүшесі, академиялық персонал – PhD Р.Хәзіретәліқызы: ББ бағдарламалын әзірлеу процесі жұмыс берушілермен, мемлекеттік билік органдарымен, бизнес өкілдерімен байланыс негізінде нәтижелі болады. Сондықтан осы бағытта жұмыс жасау барысында кафедрада ББ деңгейлері бойынша байланыс оқу жылы бойы жүргізіледі. Бұл жұмыс тек ББ әзірлеуде ғана емес диплом жұмысы мен жоба тақырыптарын талқылауда, білім алушылардың практика базаларын анықтауда маңызды процес болып саналады. Сондықтан жұмыс берушілермен ББ әзірлеу жан-жақты байланысты талап етеді.

**Шешім**: ББ дайындауда және бітіруші курстардың дипломдық жұмыстары мен жобаларының тақырыптары жұмыс берушілердің, мемлекеттік билік органдарының және бизнес өкілдерінің басымдық беретін тақырыптарға сай реттелсін.

## 1.4.Сауалнамалар (білімгерлердің, жұмысберушілердің, түлектердің, басқа да қызығушы тараптардың) нәтижелері

АК мүшесі, академиялық персонал PhD Ж.Е.Нұрматов: 6В02228-Дінтану, 6В02229-Теология, 7М02211-Дінтану, 7М02262-Теология білім беру бағдарламасы бойынша үнемі жұмыс берушілермен және түлектермен тығыз байланыс жасаудамыз. Дінтану-теология ББ бойынша білімгерлердің, жұмысберушілер мен түлектердің сауалнама нәтижелері АК құрамы мен ББ құрастырушылары тарапынан назарға алынып, бұдан да жақсы нәтижеге қол жеткізу үшін жұмыстар жасалуда.

АК мүшесі, академиялық персонал – т.ғ.к., доцент Г.Примкулова:Әр оқу жылының қорытындысын шығаруда білімгерлердің, жұмыс берушілердің, түлектердің, басқа да қызығушы тараптардың сауалнама барысында беретін жауаптары кадр даярлау сапасына ерекше әсер етіп, олардың пікірлері мен ұсыныстары ескеріліп отырады. Соның ішінде, мысалы, «Жұмыс берушілердің түлектердің дайындық сапасына қанағаттанушылық» сауалнамасы.

**Шешім**: ББ дайындалуда білімгерлердің, жұмысберушілердің, түлектердің, баска да кызығушы тараптардың ұсыныстары ескерілсін.

**1.5.Білімгерлердің контингентін қалыптастыру нәтижелері**

АК мүшесі, академиялық персонал, PhD Кенан Семиз: Кафедрамызға қарасты 7М02212-Түркітану БББ контингенті бойынша соңғы 2 жылда 3 магистрант білім алды. 7М02314-Шетел филологиясы: түрік тілі БББ бойынша соңғы екі жылда контингент болмады өкінішке орай. Сол контингентті қалыптастыру үшін бітіруші бакалавр студенттеріне кәсіби бағдар жұмыстары жүргізілді.

АК төрағасы, PhD Д.Ш.Шауенов: 6В02228-Дінтану, 6В02229-Теология, 7М02211-Дінтану, 7М02262-Теология ББ бойынша білімгерлердің контингентін арттыру мақсатында Дінтану және Теология ОПҚ Қазақстандағы қалалар мен облыстарға кәсіби бағдар бойынша түсіндіру жұмыстарымен іссапарлар жалғасуда. Факультет деканы Д.Кенжетаев, Ректор-өкілі П.Баттал, Теология кафедрасының профессоры М.Йылмаз мамыр айында Сарыағаш медресесі басшылығымен медресе түлектерін университетке тарту мәселесі бойынша кездесіп қайтты.

**Шешім**: Білімгерлердің контингентін қалыптастыру мақсатында түсіндіру жұмыстары жүргізілсін.

**1.6.Түлектердің жұмысқа орналасу нәтижелері**

АК төрағасы, PhD Д.Ш.Шауенов: 2021-2022 оқу жылында 6В02228-Дінтану, 7М02211-Дінтану ББ бойынша жұмысқа орналасу көрсеткіші 68 %-ды құрайды. Негізінде өндірістік практика өткізілетін мекемелер біздің жұмыс берушілердің қатарына кіреді. Сондықтан болашақта түлектердің жұмысқа орналасуы мүмкін болған мекемелермен байланысты арттыруымыз керек.

АК мүшесі, академиялық персонал PhD Ж.Е.Нұрматов: 6В02229-Теология және 7М02262-Теология ББ бойынша жұмысқа орналасу көрсеткіші 70 %-ды құрайды.

АК мүшесі, академиялық персонал, PhD Кенан Семиз: Кафедрамызға қарасты 7М02212-Түркітану БББ бойынша жұмысқа орналасу нәтижесі қанағаттанарлық.

**Шешім**: Түлектердің жұмысқа орналасу мақсатында өндірістік практика өткізілетін басқа да мекемелер анықталып, олармен тығыз қарым-қатынас орнату жөнінде келісім-шарт т.б. шаралар ұйымдастырылсын.

**2.Мамыр айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау**

Мамыр айында АК аясындағы қолданыстағы білім беру бағдарламалары толықтай жаңартылды және Теология факультетінде 27.03.2023 ж. ББ жұмыс тобы құрылып, жаңа 6В02286-Философия-дінтану және 6В03187-Психология-дінтану ББ дайындалды.

**Шешім**: Мамыр айында атқарылған іс-шаралар оңды деп қабылдансын.

**Мәжіліс төрағасы:** **Д.Шауенов**

**Хатшы:** **М.Төлеген**